Әділет

# Төтенше экологиялық жағдайды жариялау ережесін бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 мамырдағы N 431 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.07.31. N 653 Қаулысымен.

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 31 шілдедегі* N 653 *(алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

"Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Төтенше экологиялық жағдайды жариялау ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 мамырдағы N 431 қаулысымен бекітілген

## Төтенше экологиялық жағдайды жариялау ережесі

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Төтенше экологиялық жағдайды жариялау ережесі (бұдан әрі - Ереже) қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді және төтенше экологиялық жағдайды (бұдан әрі - ТЭЖ) жариялаудың тәртібін және оны айқындау өлшемдерін белгілейді.

2. Осы Ережеде қолданылатын терминдер мен айқындамалар қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамада қабылданған терминдер мен айқындамаларға сәйкес келеді.

3. ТЭЖ төтенше экологиялық жағдай мәртебесін беру көзделетін аумақтың шекараларын белгілеу мақсатында жарияланады.

4. ТЭЖ жариялаудың негізгі міндеттері:

қандай да бір жұтау дәрежесіне ұшыраған аумақтың шекараларын айқындау;

ТЭЖ-дің туындау себептерін анықтау;

аумақтың экологиялық жай-күйін айқындау;
ТЭЖ-дің шығынын, ұлғаю және қайталану мүмкіндіктерін бағалау;
оны жою жөніндегі қажетті шараларды айқындау;
ТЭЖ-ді жою үшін қажетті күштер мен құралдарды бағалау;
ТЭЖ-дің туындауына себепші болған факторларды бейтараптандыру жөніндегі іс-шараларды жүргізу болып табылады.

**2. ТЭЖ жариялау**

5. ТЭЖ болжанатын экологиялық қолайсыз аумақта бұрын жүргізілген зерттеулер бойынша қажетті материалдарды қалыптастыру мақсатында жұмыс тобы құрылады.

6. Жұмыс тобын құруға қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бастамашылық жасайды. Жұмыс тобының құрамына:
қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның;
білім және ғылым саласындағы уәкілетті органның;
денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның;
индустрия және сауда саласындағы уәкілетті органның;
энергетика және минералдық ресурстар саласындағы уәкілетті органның;
ауыл шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның;
төтенше жағдайлар жөніндегі уәкілетті органның;
еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі уәкілетті органның;
қаралатын өңірдің жергілікті атқарушы органының;
үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар мен жұртшылықтың;
басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және мекемелердің өкілдері кіреді.

7. Жұмыс тобы бұрын жүргізілген зерттеулер бойынша қолда бар материалдарды қалыптастырады.

8. Жұмыс тобының дайындаған материалдарды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға беріледі.

9. Жұмыс тобы ұсынған материалдарды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік экологиялық сараптамаға жібереді.

10. Мемлекеттік экологиялық сараптама ТЭЖ-ді жариялауға негіздемені басшылыққа ала отырып, экологиялық қолайсыз аумақта ТЭЖ-ді тану немесе танымау туралы көрсетілетін қорытындыны дайындайды.

11. Экологиялық қолайсыз аумақта ТЭЖ-ді таныған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі осы аумақта ТЭЖ жариялайды.

12. Төтенше экологиялық жағдайды жариялауға негіздеме:
1) төтенше жағдайлардың шекараларын айқындау осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес жүргізіледі;
2) халық денсаулығының жай-күйі қоршаған ортаның: осы ережеге 2-

қосымшаға сәйкес атмосфералық ауаның, судың және топырақтың лastануы көрсеткіштерінің жиынтығымен бағаланады;

3) атмосфералық ауаның лastануы дәрежесін бағалау орта тәуліктік шоғырланулар бойынша жүзеге асырылады. Әрбір орта тәуліктік шоғырлану үшін осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес шекті жол берілетін шоғырланудан өсу еселігі айқындалады.

Атмосфералық ауаның жиынтық орташа жылдық лastану дәрежесін кешенді көрсеткіштері бойынша бағалау осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

Бұл ретте егер кешенді көрсеткіште заттардың кез келгені бір затқа арналған көрсеткіш шамасынан асатын мәнге ие болса, онда бұл жағдайда лastану дәрежесін бағалау осы зат бойынша да жүзеге асырылады;

4) Ауыз су және рекреациялық мақсаттағы су көздерінің санитарлық-эпидемиологиялық жай-күйі мен ауыз суының қауіпсіздігі осы Ережеге 5, 6, 7-қосымшаларға сәйкес көрсеткіштер бойынша бағаланады;

5) қоныстану аумақтары топырақтарының радиоакитивті лastануын экологиялық бағалау осы Ережеге 8-қосымшаға сәйкес негізгі көрсеткіштер бойынша жүргізіледі;

6) радиациялық қауіпсіздікті бағалау осы Ережеге 9-қосымшаға сәйкес көрсеткіштер бойынша жүргізіледі;

7) ауа кеңістігінің лastануын бағалау осы Ережеге 10-қосымшаға сәйкес көрсеткіштер бойынша жүргізіледі;

8) Қалыптасып қойған төтенше экологиялық жағдай және экологиялық зілзала аймақтарын анықтау осы Ережеге 11 және 12-қосымшаларға сәйкес химиялық және экологиялық көрсеткіштер бойынша жүзеге асырылады;

9) су ресурстарының сарқылу дәрежесін бағалау осы Ережеге 13 қосымшаға сәйкес көрсеткіштер бойынша жүргізіледі;

10) теңіз суларының лastану дәрежесін бағалау осы Ережеге 14 және 15-қосымшаларға сәйкес көрсеткіштер бойынша жүргізіледі;

11) шаруашылық объектілерінің әсер ету аймақтарының учаскесіндегі жер асты суларының лastануын бағалау осы Ережеге 16-қосымшаға сәйкес негізгі және қосымша көрсеткіштер бойынша жүргізіледі;

12) топырақтың экологиялық жай-күйін бағалау осы Ережеге 17-қосымшаға сәйкес көрсеткіштер және осы Ережеге 8-қосымшаға сәйкес қосымша көрсеткіштер бойынша жүргізіледі;

13) геологиялық ортаның геодинамикалық деформациясын бағалау осы Ережеге 18-қосымшаға сәйкес көрсеткіштер бойынша жүргізіледі;

14) экожүйенің жұтаңдану және табиғи экожүйе жағдайындағы құрылымдық-функционалдық өзгеру дәрежесін бағалау осы Ережеге 19-қосымшаға сәйкес көрсеткіштер бойынша жүргізіледі;

15) өсімдіктер әлемінің жай-күйін бағалау осы Ережеге 20-қосымшаға сәйкес көрсеткіштер бойынша жүргізіледі;

16) жануарлар дүниесінің жай-күйін бағалау осы Ережеге 21-қосымшаға сәйкес жүргізіледі;

17) аумақтардың биохимиялық жай-күйін бағалау осы Ережеге 22-қосымшаға сәйкес көрсеткіштер бойынша жүргізіледі.

Төтенше экологиялық жағдайды жариялау ережесіне 1-қосымша

**Төтенше экологиялық жағдайдың шекаралары**

| Төтенше экологиялық жағдайлар | Зардап шеккендер (қайтыс болғандар және сырқаттанғандар) | Тіршілік ету жағдайлары бұзылғандар | Материалдық залал (ТЭЖ) туындаған күнге ең төменгі есептік көрсеткіш | ТЭЖ аймағы |
|---|---|---|---|---|
| Объектілік | 10 адамға дейін | 100 адамнан көп емес | <5000 | Объекті аумағының шегінен шықпайды |
| Жергіліктік (елді-мекен, аудан) | 10-50 адам | 100-300 адам | 5000-50000 | Ауданның, облыстың шегінен шықпайды |
| Өңірлік (облыс) | 50-500 адам | 300-500 адам | 50000-500000 | Облыстың шегінен шықпайды |
| Республикалық (бірнеше облыстар, республика) | >500 адам | >500 адам | >500000 | Бірнеше облыстар, республика. |
| Трансшекаралық | Зақымдаушы факторлары Қазақстан Республикасы шегінен шығатын ТЭЖ не шетелде болған және Қазақстан Республикасы аумағын шалатын ТЭЖ | | | |

Төтенше экологиялық жағдайды жариялау ережесіне 2-қосымша

**Аумақтың экологиялық жай-күйін бағалау кезінде қолданылатын халық денсаулығының жай-күйін бағалауға жариялаған медициналық-демографиялық көрсеткіштер**

| Р/с N | Көрсеткіш | Өлшем | |
|---|---|---|---|
| | | Экологиялық зілзала аймағы | Төтенше экологиялық жағдай аймағы |
| 1 | 2 | 3 | 4 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Негізгі көрсеткіштер** | | | |
| 1 | 5 жасқа дейінгі балалар өлімі құрылымының өсуі және өзгеруі | 1,5 есе және одан астам | 1,3-тен 1,5 есеге дейін |
| 2 | Құрылымның өзгеруі және өсуі - перинатальдық өлім | 1,5 есе және одан астам | 1,3-тен 1,5 есеге дейін |
| | - нәресте өлімі | 1,5 одан есе және астам | 1,3-тен 1,5 есеге дейін |
| **Медициналық-генетикалық көрсеткіштер:** | | | |
| 3 | Жаңа туылған сәбилерде туа біткен кемістіктер және ішкі әсерден болатын түсіктердің ұлғаюы | 1,5 есе және астам | 1,3-тен 1,5 есеге дейін |
| 4 | Балалар мен ересектер сырқаттарының өзгеруі: жекелеген нозологиялық нысандар және жас топтары бойынша таралу-шылықтардың ұлғаюы, сырқаттану-шылық құрылымының өзгеруі | 2 есе және одан астам | 1,5-тен 2 есеге дейін |
| 5 | Онкологиялық аурулар (сырқаттанушылық және өлім): - жекелеген нысандар; | 2 есе және одан астам | 1,5-тен 2 есеге дейін |
| | - балалардағы қатерлі ісіктер | 2 есе және одан астам | 1,5-тен 2 есеге дейін |
| 6 | Аумақтың ластану сипатымен этиологиялық байланысты бейіндік аурулар. | Осындай аурулардың болуы | |
| **Қосымша көрсеткіштер:** | | | |
| 1 | Әйелдердің ұрпақты болу функциялары бұзылуының ұлғаюы: - жүктіліктің өтуімен нәтиже-сінің қиындауы (оқиғалардың 1000 жүктіге шаққандағы жиынтық саны) [1,2,3] | 2 есе және одан астам | 1,5-тен 2 есеге дейін |
| | - босанудың қиындауы (оқиғалардың 1000 жүктіге шаққандағы жиынтық саны); | 2 есе және одан астам | 1,5-тен 2 есеге дейін |
| | Ай-күні жетіп туылған нәресте-лердің қанағаттанғысыз жай-күйі (АПГАР бойынша бағалау, ай-күні жетіп туған 1000 нәрестеге шаққандағы оқиғалардың саны) | 2 есе және одан астам | 1,5-тен 2 есеге дейін |
| 2 | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2500 г дене салмағымен балалардың туылуы жиілігі [2] | Өлшемдер негізгі көрсеткіштер өзгерістерінің білiну дәрежесі ескеріле отырып, сараптамалық бағалар бойынша белгіленеді. | | | |
| 3 | Жас нәрестелерде дене салмағының, бойының, бас шеңберінің өзгеруі, жыныстық байланыстың өзгеруі - бақылау аумақтарындағы ұқсас көрсеткіштерден ауытқуы. | Өлшемдер негізгі көрсеткіштер өзгерістерінің білiну дәрежесі ескеріле отырып, сараптамалық бағалар бойынша белгіленеді. | | | |
| 4 | Ерлер мен әйелдердің өмір сүру ұзақтығы: | Е | Ә | Е | Ә |
| | - Бақылау аумақтарындағы ұқсас көрсеткіштерден артта қалу, жылдармен: | | | | |
| | - 15 жаста; | 3,4-тен астам | 2,5-тен астам | 3,4 | 2,5 |
| | 35 жас | 2,5-тен астам | 2,0-тен астам | 2,5 | 2,4 |
| | 65 жас | 2,0-тен астам | 1,7-тен астам | 2,0 | 1,8 |
| 5 | Аналар өлімі:<br>- бақылау аумақтарымен салыстырғанда ұлғаюы [4] | Өлшемдер негізгі көрсеткіштер өзгерістерінің білiну дәрежесі ескеріле отырып, сараптамалық бағалар бойынша белгіленеді. | | | |
| 6 | Балалардың физикалық дамуы: оларды 7-10 жыл бұрынғы өңірлік стандарт бойынша бағалау кезінде физикалық дамуының ауытқуы бар балалар үлесінің ұлғаюы [5] | 50% және одан да көп | | 30-дан 50% дейін | |
| 7 | Балалардың психикалық дамуы: психикалық дамуының ауытқуы бар балалардың үлесі | 20% және одан да көп | | 10-нан 20% дейін | |
| 8 | Генетикалық бұзылу: адам клеткаларындағы генетикалық бұзылулар жиілігінің ұлғаюы (хромосомды аберрациялар, ДНК-ң үзілуі және т.б.) | 3 есе және одан да көп | | 3 есеге дейін | |
| | Ауадағы, судағы және ортаның басқа да құрамдас бөліктеріндегі сынамаларында мутогендік жиынтық әсерлердің деңгейін асырған кезде | 3 есе және одан да көп | | 3 есеге дейін | |
| 9 | Иммундық мәртебенің өзгеруі: иммунграммада морфологиялық және гуморальдық көрсеткіштер | Өлшемдер негізгі көрсеткіштер өзгерістерінің білi- | | | |

| | | |
|---|---|---|
| | бойынша білінетін ауытқуы бар адамдар санының ұлғаюы | ну дәрежесі ескеріле отырып, сараптамалық бағалар бойынша белгіленеді. |
| 10 | Адамның биосубстраттарында уытты химиялық заттардың (қан, зәр, шаш, тіс, слекей, плацента, ана сүті және т.б.) болуы, жол берілетін биологиялық деңгейден асуы. | 25-қосымшаға сәйкес |

[1] 1, 2-тармақтарға: қалалық және ауылдық тұрғындар үшін жекелеп алғанда 5 жылғы деректер бойынша 30 мың адамнан кем емес және 3 жылға 50 мың адамнан кем емес халқы бар аумақтардағы (фондық) бақылаулықпен салыстырғанда орташа мәннің артуы.

[2] 1, 2-тармақтарға: нәрестелер өлімінің әдетті құрылымының өзгеруі де ескеріледі.

[3] негізгі көрсеткіштердің 1-тармағына: өлі туылған және туылғаннан кейін бірінші аптада шетінегендер санының туылғандардың (тірі және өлі) жалпы, санына мыңға көбейтілген қатынасы.

[4] қосымша көрсеткіштердің 5-тармағына: балалардың физикалық дамуын бағалауды когорттық және орталық әдістерді пайдалана отырып жүргізу ұсынылады.

[5] 6-тармаққа: бұл көрсеткішті пайдалану кезінде әсер етіп тұрған зиянды этитропты фактордың сипаттамасы және сырқаттану оқиғаларының таралу үрдісі ескеріледі. Бұл ретте тұрмыстық улану және басқа да жазатайым жағдайлар ескерілмейді.

Төтенше экологиялық жағдайды жариялау ережесіне 3-қосымша

**Атмосфералық ауаның орташа тәуліктік шоғырлану бойынша ластану дәрежесін бағалауға арналған көрсеткіштер**

| Қауіптілік сыныбы | Экологиялық зілзала | | Төтенше экологиялық жағдай | |
|---|---|---|---|---|
| | К | тәуліктердің саны (N) К-мен | К | тәуліктердің саны (N) К-мен |
| I | >3 | 7<N<20 қатарынан | 2-3 | 7<N<20 қатарынан |
| II | >5 | 7<N<20 қатарынан | 3-5 | 7<N<20 қатарынан |
| III | >7,5 | >30 қатарынан | 5-7,5 | >30 қатарынан |
| IV | >12 | >30 қатарынан | 8,12 | >30 қатарынан |

Төтенше экологиялық жағдайды жариялау ережесіне 4-қосымша

## Атмосфералық ауаның кешендік көрсеткіш бойынша орташа жылдық ластануын бағалау

| Заттар саны үшін P | Өлшем | | Салыстырмалы қанағаттан-дырарлық жағдай |
|---|---|---|---|
| | экологиялық зілзала | төтенше экологиялық жағдай | |
| 1 зат | 16-дан астам | 8-16 | 1 |
| 2-4 зат | 32-ден астам | 16-32 | 2 |
| 5-9 зат | 48-ден астам | 32-48 | 3 |
| 10-16 зат | 64-тен астам | 48-64 | 4 |
| 16-25 зат | 80-нен астам | 64-80 | 5 |

Төтенше экологиялық жағдайды жариялау ережесіне 5-қосымша

## Орталықтандырылған сумен жабдықтаудың ауыз суымен байланысты санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды бағалауға арналған көрсеткіштер

| Р/с N | Көрсеткіш | Өлшем | | Салыстырмалы қанағаттан-дырарлық жағдай |
|---|---|---|---|---|
| | | экологиялық зілзала | төтенше экологиялық жағдай | |
| 1 | Жалпы микробтық сан (1 мл-дегі бактериялар тіз-бегін түзуші сан) | 250-ден астам | 50-250 | 50-ден аспайтын |
| 2 | Жалпы колиформды бактериялар (100 мл-дегі бактерия-лар саны) [1] | 10-нан астам | бірлі-жарым кездесуі | жоқ |
| 3 | Жылуға төзімді ко-лиформды бактерия-лар (100 мл-дегі бактериялар саны) [2] | 10-нан астам | бірлі-жарым кездесуі | жоқ |
| 4 | Колифагтар (100 мл-дегі тостағанша түзуші бірліктер (ТТБ) саны) | 10-нан астам | 10-нан аз | жоқ |
| 5 | Сульфитредуциялай-тын клостридтердің споралары (20 мл-дегі спораларды саны) [3] | 10-нан астам | бірлі-жарым кездесуі | жоқ |
| 6 | | | 1-100 | жоқ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Лямблялардың цист-тері (50 мл-дегі цисттер саны) [4] | 100-ден астам | | |

[1] Бір жыл ішінде зерттелетін сынамалардың саны 100 ден кем болмаған кезде, 12 ай ішінде сыртқы және ішкі су өткізгіш желілердің су айырық нүктелеріне алынатын сынамалардың 95%-да жалпы колиформды бактериялар бойынша норматив шегінен шығуға жол берілмейді.

[2] Жылуға төзімді колиформды бактерияларды айқындау кезінде іріктелген сынаманы 100 мл-ден 3 мәрте зерттеу жүргізіледі.

[3] Сульфитредуциялайтын клостридтер спораларын айқындау су өңдеу технологиясының тиімділігін бағалау кезінде жүргізіледі.

[4] Лямблялардың цисттін айқындау жер беті су көздерінен сумен жабдықтау құрылыстары суының сынамаларында суды бөлу желісіне берердің алдында ғана жүргізіледі.

Төтенше экологиялық жағдайды жариялау ережесіне 6-қосымша

**Ауыз судың және ауыз сумен жабдықтау көздерінің химиялық заттармен ластануының санитарлық-эпидемиологиялық қауіптілігін бағалауға арналған көрсеткіштер [1]**

| Р/с N | Көрсеткіш | Өлшем | | Салыстырмалы қанағаттан-дырарлық жағдай |
|---|---|---|---|---|
| | | эколо-гиялық зілзала | төтенше эколо-гиялық жағдай | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| **1. Негізгі көрсеткіштер:** | | | | |
| 1.1 | Бірінші қауіптілік сыны-бындағы уытты заттар құрамы (төтенше қауіпті заттар): ШЖШ нормативтеріне еселік бериллий, сынап, бенз(а)-пирен, линдан, 3, 4, 7, 8 - диоксин [2], дихлорэтилен, сын-апди-этилі, галлий, қорғасын-тетраэтилі, қалайы тет-раэтилі, трихлорбифенил | >3 | 2-3 | гигиеналық нормативтер шегінде (ШЖШ) |
| 1.2 | Екінші қауіптілік сыны-бындағы уытты заттар құ-рамы (қауіптілігі жоғары | >10 | 5-10 | гигиеналық нормативтер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | заттар): - алюминий, барий, бор, кадмий, молибден, күшән, нитриттер, қорғасын, селен, стронций, цианидтер, ШЖШ-мен | | | шегінде (ШЖШ) |
| **2. Қосымша көрсеткіштер:** | | | | |
| 2.1 | Үшінші және төртінші қауіптілік сыныптарындағы уытты заттар құрамы (қауіпті және қалыпты қауіпті заттар): аммоний, никель, нитраттар, хром, мыс, марганец, мырыш, фенолдар, мұнай өнімдері, фосфаттар, (ШЖШ-мен) | >15 | 10-15 | гигиеналық нормативтер шегінде |
| **2.2 Физикалық-химиялық қасиеттері:** | | | | |
| 2.2.1 | pH | <4 | 4-6 | 6-9 |
| 2.2.2 | Фенольды индекс (мг/л) | >0,75 | 0,75-0,25 | 0,25 |
| 2.2.3 | Беткі-белсенді заттар (ББЗ), анионды белсенділер (мг/л) | >2,5 | 2,5-0,5 | <0,5 |
| 2.2.4 | Жалпы минералдану (құрғақ қалдық, мг/л) | >5000 | 5000-1000 | <1000 |
| 2.2.5 | Жалпы қатандық (мг-экв./л) | >21 | 21-7 | <7 |
| 2.2.6 | Жалпы альфа-радиоактивтілік (Бк/л) | >0,5 | 0,5-0,1 | <0,1 |
| | Жалпы бета-радиоактивтілік (Бк/л) | >5 | 5-1 | <1 |
| **2.3 Органолептикалық сипаттамалар:** | | | | |
| 2.3.1 | Иісі және дәмі, баллдар | >4 | 4-2 | <2 |
| 2.3.2 | Лайлылық (ЛФМ) | >5 | 8-2,6 | <2,6 |
| | Лайлылық (мг/л, каолин бойынша) | >4,5 | 4,5-1,5 | <1,5 |
| 2.3.3 | Жүзетін қоспалар (үлбірлер, майлы дақтар және т.б.) | көрінетін ауданның 2/3-не дейін бояулы қабыршақтар | айқын жолақтар немесе күңгірт түсті дақтар | Жоқ |

[1] Ауыз сулық мақсаттағы су көздері ластануының қауіптілік дәрежесі заттардың шекті шоғырлануының су бөгендерінің санитарлық режиміне әсері және су тазартудың пайдаланылып отырған технологиялық схемасының кедергілік қабілеті ескеріле отырып бағаланады.

[2] Диоксиндер үшін жол берілетін деңгей 0,02 нг/л-ді құрайды.

Түсініктеме: 7-қосымшада көрсетілмеген заттармен ластану қауіптілігін бағалау, 2004 жылғы 28 маусымдағы N 506 "Орталықтандырылған жер беті суын ластанудан қорғау жөніндегі санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға" сәйкес жүргізіледі.

Төтенше экологиялық жағдайды жариялау ережесіне 7-қосымша

**Ауыз сулық мақсаттағы су көздерінің паразиттік ауруларды қоздырғыштармен ластанған судың сапасымен байланысты санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды бағалауға арналған көрсеткіштер**

| Р/с N | Көрсеткіш | Өлшем | | Салыстырмалы қанағаттан-дырарлық жағдай |
|---|---|---|---|---|
| | | эколо-гиялық зілзала | төтенше эколо-гиялық жағдай | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| **1. Су көздерінің суы** | | | | |
| 1.1 | Қарапайым зардапты ішек-тік; - лямблялардың дизенте-риялық амебалардың, ба-лантидалардың, криптоспо-ридалардың қабынуы | 100 [1]- -ден астам | 1-100 | Жоқ |
| 1.2 | Геогельминттер: | | | |
| | - аскаридалардың, қылды-рықбастардың жұмыртқа-лары, трихостронгилидтер | 5-тен астам | 1-5 | Жоқ |
| 1.3 | Биогельминттер: | | | |
| | - тениид жұмыртқалары | 10-нан астам | 1-10 | Жоқ |
| 1.4 | Актиномицеттер КОЕ/дм $^3$ - 1 дм $^3$ судағы колониальді бірліктердің құрамы | 10000-нан астам | 100-10000 | Жоқ |
| **2. Рекреационды сулар** | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2.1 | Қарапайым зардапты ішектік:<br>- лямблялардың дизентериялық амебалардың, балантидалардың, криптоспоридтардың қабынуы [1] | 100-ден астам | 1-100 | Жоқ |
| 2.2 | Геогельминттер:<br>- аскаридалардың, қылдырықбастардың жұмыртқалары, трихостронгилидтер | 5-тен астам | 1-5 | Жоқ |
| 2.3 | Биогельминттер: | | | |
| 2.3.1 | Описторхидтердің, дифиллотриидтердің жұмыртқалары | 100-ден астам | 1-100 | Жоқ |
| 2.3.2 | Тениидтердің жұмыртқалары | 10-ден астам | 1-10 | Жоқ |
| 2.3.3 | Шистосоматидтердің жұмыртқалары (циркориоз қоздырғыштары) | 10-ден астам | 1-10 | Жоқ |
| 2.4 | Актиномицеттер КОЕ/дм $^3$ - 1 дм $^3$ судағы колониальді бірліктердің құрамы | 1000000 астам | 1000-1000000 | Жоқ, бірлі-жарым кездесуі |

[1] 1 дм $^3$ судағы қоздырғыштардың саны (цисттер, жұмыртқалар).

Төтенше экологиялық жағдайды жариялау ережесіне 8-қосымша

**Жергілікті жерлер топырақтарының санитарлық-эпидемиологиялық жай-күйін бағалауға арналған көрсеткіштер**

| Р/с N | Көрсеткіш | Өлшем | | Салыстырмалы қанағаттандырарлық жағдай |
|---|---|---|---|---|
| | | экологиялық зілзала | төтенше экологиялық жағдай | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Радиоактивті заттармен ластану көрсеткіші, миллиЗиверт - бұдан әрі мЗв | 50-ден астам | 5-50 | 1-5 |
| 2 | 1 кг топырақтағы гельминттер жұмыртқаларының құрамы | 100-ден астам | 11-100 | 10-нан аз |
| 3 | Анаэробтар титрі | 0,0001 | 0,001-0,0001 | 0,001-0,1 |
| 4 | Коли-титр | | | 0,01-1,0 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 0,001-ден аз | 0,01-0,001 | |
| 5 | 0,25 м $^{2}$ учаскедегі шыбын жұмыртқалары мен қуыршақтарының саны | 100-ден астам | 10-100 | 1-10 |
| 6 | Экзогенді химиялық заттармен ластану көрсеткіші - ШЖШ-ден асу еселігі | 100-ден астам | 10-100 | 1-10 |
| 7 | Топырақтың өздігінен тазару көрсеткіші - термофилдер титрі | 0,00001-ден аз | 0,00001-0,00002 | 0,001-0,00002 |
| 8 | Хлебниковтың санитарлық саны [1] | 0,7-ден аз | 0,7-0,85 | 0,85-0,98 |

[1] "Хлебниковтың санитарлық саны" - топырақтағы белоктық азот мөлшерінің (мүлдем құрғақ топырақтың 100 грамына милиграммен) органикалық азоттың мөлшеріне (мүлдем құрғақ топырақтың 100 грамына миллиграммен).

Төтенше экологиялық жағдайды жариялау ережесіне 9-қосымша

## Радиациялық қауіпсіздікті бағалауға арналған көрсеткіштер

| Көрсеткіш | Өлшем | | Салыстырмалы қанағаттандырарлық жағдай |
|---|---|---|---|
| | экологиялық зілзала | төтенше экологиялық жағдай | |
| Сәулеленудің тиімді мөлшері, мЗв/жыл | 10-нан астам | 5-10 | 5-тен аз |

Төтенше экологиялық жағдайды жариялау ережесіне 10-қосымша

## Атмосфералық ауаның ластануын жер бетіндегі өсімдіктер мен су экожүйелеріне әсерін тигізетін заттар бойынша бағалау көрсеткіштері

| Зат | Өлшем | | Нормасы | Әсер ету уақыты |
|---|---|---|---|---|
| | экологиялық зілзала | төтенше экологиялық жағдай | | |
| **Жер бетіндегі өсімдіктер үшін ауыспалы деңгейлер** | | | | |
| Күкірт диоксиді | >200 | 100-200 | <20 | Орташа жылдық |
| Азот диоксиді | >300 | 200-300 | <30 | Орташа жылдық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Фторлы сутек | >20 | 10-20 | <2-3 | Ұзақ уақыттық әсер |
| Озон | >1500 | 1000-1500 | <150 | 1 сағат ішін-дегі ең көбі |
| Озон | >600 | 400-600 | <60 | 3 сағат ішін-дегі орташасы |
| Озон | >500 | 300-500 | <50 | Жыл сайын 1 сә-уір-30 қыркүйек кезеңіндегі әр-бір күннің 9-16 сағаты аралығын-дағы орташасы |
| **Орман және су экожүйелері үшін ауыспалы жүктемелер** | | | | |
| Күкірт қосылыс-тары, жылына г/м $^2$ | >5,0 | 3,0-5,0 | <0,32 | Солтүстік және орталық аудандар |
| Азот қосылыс-тары, жылына г/м $^2$ | >4,0 | 2,0-4,0 | <0,28 | Солтүстік және орталық аудандар |
| Сутегі иондары, жылына г/м $^2$ | >300 | 200-300 | <20 | Солтүстік және орталық аудандар |

Төтенше экологиялық жағдайды жариялау ережесіне 11-қосымша

## Жер беті суларының химиялық ластануының дәрежесін бағалауға арналған көрсеткіштер

| Р / с N | Көрсеткіш | Өлшем | | Салыстырмалы қанағаттан-дырарлық жағдай |
|---|---|---|---|---|
| | | экологиялық зілзала | төтенше экологиялық жағдай | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| **Негізгі көрсеткіштер:** | | | | |
| 1 | Химиялық заттар, ШЖШ 1-2 қауіптілік сыныбы | 10-нан астам | 5-10 | <5 |
| | 3-4 қауіптілік сыныбы | 100-ден астам | 50-100 | <50 |
| 2 | ХЛК (10) | | | |
| | 1-2 қауіптілік сыныбы | 80-нен астам | 35-80 | <35 |
| | 3-4 қауіптілік сыныбы | 500-ден астам | 100-500 | <100 |
| **Қосымша көрсеткіштер:** | | | | |
| 1 | Иістері, дәмі, баллдары | | 3-4 | <3 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 4-тен астам | | |
| 2 | Жүзгіш қоспалар: мұнай және мұнай өнімдері | Көрінетін ауданның 2/3 ала-тын қара-қоңыр түсті үлбір | Ашық жолақтар немесе дақтардың күңгірт түсі | жоқ |
| 3 | Ортаның реакциясы, pH | 5,0-5,6 | 5,7-6,5 | >6,5 |
| 4 | ОХП оттегіні химиялық пайдалану (фонға антропогендік құрама), мг/дм $^{3}$ | 20-30 | 10-20 | <10 |
| 5 | Ерітілген оттегі, қанығу пайыздары | 10-20 | 20-50 | >50 |
| 6 | Биогендік заттар: | | | |
| | Нитриттер ($NO_2$), ШЖШ | 10-нан астам | 10-5 | 5-1 |
| | Нитраттар ($NO_3$), ШЖШ | 20-дан астам | 20-10 | 10-1 |
| | Аммоний тұздары ($NH_4$), ШЖШ | 10-нан астам | 10-5 | 5-1 |
| | Фосфаттар ($PO_4$), мг/дм $^{3}$ | 0,6-дан астам | 0,6-0,3 | 0,03-0,05 |
| 7 | Минералдану, мг/дм $^{3}$ (өңірлік деңгейден асу) | 3-5 | 2-3 | Өңірлік деңгей |
| 8 | ТЖК (түптік жинақталу коэффициенті) | $n*10^{4}$ астам | $n*10^{3}$ - $n*10^{4}$ | n*10 |
| 9 | $К_ж$ (гидробионттарда жинақталу коэффициенті) | $n*10^{5}$ астам | $n*10^{4}$ - $n*10^{5}$ | $n*10^{4}$ |

Төтенше экологиялық жағдайды жариялау ережесіне 12-қосымша

## Тұщы су экожүйелерінің жай-күйін бағалауға арналған көрсеткіштер

| Р/с N | Көрсеткіш | Өлшем | | Салыстырмалы қанағаттан-дырарлық жағдай |
|---|---|---|---|---|
| | | эколо-гиялық зілзала | төтенше эколо-гиялық жағдай | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| **Негізгі көрсеткіштер:** | | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Фитопланктон | Балдыр-лардың болмауы немесе түрлерінің жекелеген даналары | Көк-жасыл балдыр-лардың үлдірі, жіп тәріздес-терінің өрімдері, балдыр-лардың басқа топтары өкілдері | Фитопланк-тонның табиғи дамуы |
| 2 | "а" хлорофилінің шоғырлануы, мкг/л | 50-ден астам | 50-30 | 30-10 |
| 3 | Фитопланктонның орта-ша жылдық биомассасы, мг/дм $^{3}$ | 100-ден астам | 100-50 | 50-10 |
| 4 | Жіп тәріздес балдыр-лардың фитомассасы, кг/м $^{2}$ | 3-тен астам | 3,0-2,6 | <2,6 |
| 5 | Зоопланктон | Сауытты коловрат-калардың жекелеген даналары, олардың қысқы жұмырт-қалары | Сауытты коловрат-калардың саны мен әртүрлі-лігінің күрт азаюы, төменгі шаянтәріз-ділердің жекелеген даналары | Зоопланк-тонның табиғи дамуы |
| 6 | Зообентос | Оттегіні қажет етпейтін құрттардың (тубифи-цид) тек кейбір түрлерінің болуы | Түптік жануарлар саны мен әртүрлі-лігінің күрт азаюы, тубифи-цидтің (олигохет) және танипо-диннің (хироно-мид) болуы | Зообен-тостың өңірлік деңгейде табиғи дамуы |
| 7 | Вудивис бойынша био-тикалық индекс (өңір- | 1-ден аз | 1-2 | 2-ден астам |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | лік ерекшеліктерді ескере отырып), баллдар | | | |
| 8 | Олигохеттік индекс, олигохеттер санының барлық зообентостар санына қатынасы, пайызбен | 100-ден астам | 100-86 | 86-дан аз |
| 9 | Балушкин бойынша хирономидтік индекс | 9,0-ден астам | 6,5-9,0 | 6,5-тен кем |
| 10 | Ихтиофауна | Балықтардың бағалы және сирек кездесетін түрлерінің жойылуы; кәсіптік балық қорларының болмауы | Балықтардың бағалы және сирек кездесетін түрлерінің олардың қорларынан 50-25% азаюы, кәсіптік балық қорларының өз қорларынан 50-25% азаюы. | Ихтиофауна-ның табиғи жай-күйінің сақталуы; аулау шамасы балықтардың табиғи өсімін бұзбайды |
| 11 | Балықтардың созылмалы токсикозбен байланысты ауруы (миопатия, жара аурулары және т.б.), жылдық аулаудан % есебімен | 50-ден астам | 50-ге дейін | Белгілердің жоқтығы |
| 12 | Су сапасының интегралды көрсеткіші: шаянтәрізділерге биотестілеу (шашақ мұрт шаяндар және цериошаяндар), 50 % және одан астамының қырылуы | 100 және одан да көп рет араласу еселігі кезінде байқалмайды | 50-ден 100 ретке дейін араласу еселігі кезінде байқалмайды | Араласпаған судағы өлім алдында әрекеттер |
| | тиісінше 96 және 48 сағат ішіндегі шаяндар | 100 және одан да көп есе | 50-ден 100 есеге дейін | |
| **Қосымша көрсеткіштер:** | | | | |
| 1 | Планктонның Пантле және Бук бойынша суда тіршілік ететін организмдер индексі (Сладечектің түрлендіруінде) | 4-тен астам | 4-3 | <3 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2 | Олигохеттік индекс: - Цанер бойынша, тубифицидтердің мың дана/м 2 | 50-ден астам | 50-10 | <10 |
| | лимнобрилюстер | 100-ден астам | 100-50 | <50 |
| | - Парел бойынша | 0,8-ден астам | 0,8-0,5 | <0,5 |

Төтенше экологиялық жағдайды жариялау ережесіне 13-қосымша

## Су ресурстарының сарқылуын бағалауға арналған көрсеткіштер

| Көрсеткіш | Өлшем | | Салыстырмалы қанағаттан-дырарлық жағдай |
|---|---|---|---|
| | эколо-гиялық зілзала | төтенше эколо-гиялық жағдай | |
| Беттік ағынның көлемін қайтарыссыз алу, жол берілетін нормадан сан рет | 2-ден астам | 2-ге дейін | Жол берілетін норма |

Төтенше экологиялық жағдайды жариялау ережесіне 14-қосымша

## Теңіз суларының химиялық ластану дәрежесін бағалауға арналған көрсеткіштер

| Р/с N | Көрсеткіштер (шоғырланулар мг/дм 3 берілген) | Өлшем | | Салыстырма-лы қанағат-тандырарлық жағдай |
|---|---|---|---|---|
| | | эколо-гиялық зілзала | төтенше эколо-гиялық жағдай | |
| | **Негізгі көрсеткіштер:** | | | |
| 1 | 1-2 қауіптілік сыныбындағы химиялық заттар | 10-нан астам | 10-5 | 5-1 |
| | 3-4 қауіптілік сыныбындағы | 100-ден астам | 100-50 | 50-10 |
| 2 | ХЛК(10) [1] | | | |
| | 1-2 қауіптілік сыныбындағы | 80-ден астам | 80-35 | 35-10 |
| | 3-4 қауіптілік сыныбындағы | 500-ден астам | 500-100 | 100-10 |
| | **Қосымша көрсеткіштер:** | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Оттегіні биологиялық пайдалану (ОБТ $_5$ ) | 100-ден астам | 100-10 | 10-1 |
| 2 | Еріген оттегі, мг/дм $^3$ | 2-ден аз | 2-3-тен аз | 3-6 |
| | [1] ХЛК(10) - ШЖШ-дан барынша асатын 10 ластаушы заттарға арналған сулардың химиялық ластануының формальды жиынтық көрсеткіші | | | |

Төтенше экологиялық жағдайды жариялау ережесіне 15-қосымша

## Теңіз айдындарының экологиялық жай-күйін бағалауға арналған көрсеткіштер

| Р/с N | Көрсеткіш | Өлшем | | Салыстырма-лы қанағат-тандырарлық жағдай |
|---|---|---|---|---|
| | | эколо-гиялық зілзала | төтенше эколо-гиялық жағдай | |
| | **Негізгі көрсеткіштер:** | | | |
| 1 | Планктонның және макрозообентостың биомассасы, бақылаулық деңгейден %-бен [1] | 30-дан аз немесе 300-ден астам | 30-50 немесе 200-300 | 100 |
| 2 | Планктонды қоғамдас-тықтардағы түрлердің саны (түрлілік әралуандылық бақылаулық деңгейден %) | 50-ден аз | 50-80 | 80-100 |
| 3 | Ихтиофаунаның және омыртқасыздардың кәсіптік қорлары, бақылаулық деңгейден %-бен | Кәсіптік балықтар мен омыртқа-сыздар қорларының олардың қорлары-нан 50 және одан да көп %-ға азаюы | Кәсіптік балықтар мен омыртқа-сыздар қорының олардың қорла-рынан 50-25-ке азаюы. | Кәсіптік балықтардың болуы |
| 4 | Зообентос қоғамдас-тығының, соның ішінде бастапқы түрлерінің жай-күйі (бақылаулық деңгейден %)-бен | Зообентос топтарының кезеңдік пайда болуы және жойылуы, бастапқы түрлерінің 20 % аз болуы, | Ірі организм-дердің жойылуы. Тек оли-гохет-тердің немесе полихет-тердің болуы. | Көрінетін әртүрлілік. Еркін қозғалатын организмдер-дің болуы. Организм-дердің шаянтәрізді |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | қоғамдас-тықтың күйзелуі | Бастапқы түрле-рінің 20-50% болуы | және басқа да топтары. |
| 5 | Микроорганизмдердің индикаторлық нысандарының саны, микроорганизмдердің жалпы санынан %-бен | 60-тан астам | 60-30 | 30-дан аз |
| 6 | Орналасушы гидробионттардың үлесі, қоғамдастықтың жалпы биомассасынан %-бен | 50-ден астам | 50-25 | 25-тен аз |
| 7 | Бастапқы өнім деңгейі, бақылаулық деңгейден %-бен | 0 шамасын-да немесе 300-ден астам (гиперэв-трофиро-лау) | 50-ден аз немесе 200-300 (эвтро-фиролау) | 100 |
| 8 | Макрофиттердің жай-күйі | Макрофит-тердің жойылуы | Макро-фиттер аудан-дарының күрт азаюы, таллом-дарда улытты ластаушы заттардың көп шо-ғырлануы | Қалыпты |
| | **Қосымша көрсеткіштер:** | | | |
| 1 | Гидробионттардың морфологиялық өзгеруі (дененің өлшемі және салмағы, кемісті нысандардың пайда болуы және т.б.), бақылаулық деңгейден %-бен | 50-ден астам | 50-20 | 20-дан аз |

[1] бақылау деңгейі - 10 және одан көп жыл ішінде алынған бірқатар көпжылдық деректер бойынша көрсеткіштің орташа мәні.

Төтенше экологиялық жағдайды жариялау ережесіне 16-қосымша

### Шаруашылық объектілерінің учаскелеріне арналған жер асты суларының ластану дәрежесін бағалауға арналған көрсеткіштер

| Р/с N | Көрсеткіш | Өлшем | | Салыстырма-лы қанағат-тандырарлық жағдай |
|---|---|---|---|---|
| | | эколо-гиялық зілзала | төтенше эколо-гиялық жағдай | |
| | **Негізгі көрсеткіштер:** | | | |
| 1 | Ластаушы заттардың мөлшері (нитраттар, фенолдар, ауыр металдар, синтетикалық беттік белсенді заттар, мұнай), ШЖШ | 100-ден астам | 10-100 | 3-10 |
| 2 | Хлорорганикалық қосылыстар, ШЖШ | 3-тен астам | 1-3 | 1-ден аз |
| 3 | Канцерогендер, бенз(а)пирен, ШЖШ | 3-тен астам | 1-3 | 1 аз |
| 4 | Ластану аймағының ауданы, км $^{2}$ | 8-ден астам | 3-5 | 3-тен аз |
| 5 | Минералдылық, г/л | 100-ден астам | 10-100 | 10-нан аз |
| | **Қосымша көрсеткіштер:** | | | |
| 1 | Еріген оттегі, мг/дм $^{3}$ | 1-ден аз | 1-4 | 4-тен астам |

Төтенше экологиялық жағдайды жариялау ережесіне 17-қосымша

### Топырақтың жай-күйін экологиялық бағалауға арналған көрсеткіштер

| Р/с N | Көрсеткіштер (шоғырланулар мг/дм $^{3}$ берілген) | Өлшем | | Салыстырма-лы қанағат-тандырарлық жағдай |
|---|---|---|---|---|
| | | эколо-гиялық зілзала | төтенше эколо-гиялық жағдай | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | **Негізгі көрсеткіштер:** | | | |
| 1 | Жерлердің тозуы салда-рынан ауылшаруашылығы айналымынан шығарылған ауданы, жалпы ауылша-руашылығы алқаптарының ауданынан %-бен | 50-ден астам | 50-30 | 30-ға дейін |
| 2 | | А+В | Апах (А1) | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Қарашірік қабатының жойылуы | | | 0,1 А-ға дейін |
| 3 | Топырақ бетінің абиотикалық тасындылар-мен жабылуы, см | 20-дан астам | 20-10 | 10-нан аз |
| 4 | Топырақ тығыздығының өсуі, тең салмақ сынамасының еселігі | 1,4-тен астам | 1,4-1,3 | 1,3-ке дейін |
| 5 | Жерасты суларының деңгейден асуы, шекті мәнінен %-бен | 50-ден астам | 50-25 | Рұқсат етілген деңгейі |
| 6 | Радиоактивтік ластану, Кu/км $^{2}$ : | | | |
| | цезий-137 | 40-тан астам | 40-15 | 15-ке дейін |
| | стронций-90 | 3-тен астам | 3-1 | 1-ге дейін |
| | плутоний (изотоптар сомасы) | 0,1-ден астам | 0,1-0,05 | 0,05-ке дейін |
| 7 | 10 жыл кезең ішінде жыртылған жерлердің қарашіріктен айырылуы, салыстырмалы пайызбен | 25-тен астам | 25-10 | 10-нан аз |
| 8 | Тез ерігіш тұздар мөлшерінің көбеюі, г/100 г | 0,8-ден астам | 0,8-0,4 | 0,4-ке дейін |
| 9 | алмасу натрийі үлесінің көбеюі, КАС [1] -нан %-бен | 25-дан астам | 25-15 | 15-ке дейін |
| 10 | Химиялық заттардың ШЖШ артуы: | | | |
| | 1-қауіптілік сыныбы (бенз(а)пиренді, диоксиндерді қоса алғанда); | 3-тен астам | 3-2 | 2-ге дейін |
| | 2-қауіптілік сыныбындағы | 10-нан астам | 10-5 | 5-ке дейін |
| | 3-қауіптілік сыныбындағы (мұнай мен мұнай өнімдерін қоса алғанда) | 25-тен астам | 20-10 | 10-ға дейін |
| 11 | Белсенді микробтық масса деңгейінің төмендеуі, еселігі | 100-ден астам | 100-50 | 50-ге дейін |
| 12 | Топырақтың фитоуытты-лығы (өскіндер санының | 2-ден астам | 2,0-1,4 | 1,4 дейін |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | азаюы), фонмен салыс-тырғанда еселігі | | | |
| | **Қосымша көрсеткіштер:** | | | |
| 13 | Ластанған негізгі а/ш өнімдерінің үлесі, тексерілген көлемінен %-бен | 50-ден астам | 50-25 | 25-ке дейін |
| 14 | Қосымша көрсеткіштерді қараңыз (2.10-кесте) | | | |

[1] КАС - катиондық алмасу сиымдылығы

Төтенше экологиялық жағдайды жариялау ережесіне 18-қосымша

**Деформациялардың экологиялық қауіпсіздігін және геологиялық ортаның өзгеруін бағалауға арналған көрсеткіштер**

| Р/с N | Көрсеткіш | Өлшем | | Салыстырма-лы қанағат-тандырарлық жағдай |
|---|---|---|---|---|
| | | эколо-гиялық зілзала | төтенше эколо-гиялық жағдай | |
| 1 | Таулы алқаптардың аномальды техногендік деформациялары (0,00001 сал. өлшем жоғары) және индукцияланған сейсмикалылық, аумақ ауданынан пайызбен | 40-50-ден астам | 40-20 | 20-ға дейін |
| 2 | Геологиялық ортаның аномальды деформация-сына әкеп соқтыратын жер қойнауын пайдалану кезіндегі тау алқапта-рының механикалық бұзылуы, тау жыныста-рының аномальды деформациясы және т.б. | 0,0001 | 0,0001-0,00001 | 0,000001-ден аз |
| 3 | Техногендік жүктемемен түсіндірілетін жер бетінің төмен түсуі, көшкіндер, селдер, карстер, аумақтың % | 30-дан астам | 30-20 | 20-дан аз |

Төтенше экологиялық жағдайды жариялау ережесіне 19-қосымша

**Жер бетіндегі экожүйелердің жұтаңдануын бағалауға арналған көрсеткіштер**

| Р/с N | Көрсеткіш | Өлшем | | Салыстырма-лы қанағат-тандырарлық жағдай |
|---|---|---|---|---|
| | | | төтенше эколо- | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | эколо-гиялық зілзала | гиялық жағдай | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| **Негізгі көрсеткіштері:** | | | | |
| 1 | Кеңістік белгілер | | | |
| 1.1 | Жұтанданған аумақтардың ауданы, %-бен | | | |
| 1.1.1 | Адамға тікелей қауіп төндірмейтін (уытты емес жыныстардың үйінділері; карьерлер, ауылшаруашылығы және орманды алқаптардың жұтандануы) | 75-тен астам | 75-5 | 5-тен аз |
| 1.1.2 | Ғимараттар мен құрылыстардың бұзылуына қауіп төндіретін (антропогендік төмен түсулер, көшкіндер, қиратындылар, әскери полигондар және т.б.) | 50-ден астам | 50-1 | 1-ден аз |
| 1.1.3 | Бөлшектерді ауамен, ағыс арқылы жер беті су айдындарына және ағынды суларға көшіру мүмкіндігімен суларынан оқшауланған уытты жыныстардың үйінділері | 20-дан астам | 20-0,1 | 0,1-ден аз |
| 1.1.4 | Жер асты суларын ластау қаупімен (жер асты сулары қорғалмаған) карьерлік шұңқырлар және уытты жыныстар үйінділері | 5-тен астам | 5-тен аз | Жоқ |
| 1.2 | Аумақтың жыралармен бөлшектелуі, км/км $^{2}$ | 2,5 | 2,5-0,7 | 0,7-ден аз |
| 2 | Серпіндік белгілер | | | |
| 2.1 | Жер беті экожүйелерінің жұтандану жылдамдығы; жылына ауданның %-ы | 4-тен астам | 4-0,5 | 0,5-тен аз |
| 2.2 | Бөлінген жайылымдар аудандарының ұлғаю жылдамдығы, жылына ауданның %-ы | 8-ден астам | 8-2 | 2-ден аз |
| 2.3 | Өсімдіктердің жылдық өнімінің азаю жылдамдығы, жылына % | 7,5-тен астам | 7,5-3,5 | 3,5-тен аз |
| 2.4 | Топырақтың органикалық заттар құрамының азаю жылдамдығы, жылына % | 7-ден астам | 7-0,5 | 0,5-тен аз |
| 2.5 | Шымтезектің бәсеңдену (минералдану) жылдамдығы, мм/жыл | 40-тан астам | | 1-ден аз |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | 40-1 | |
| 2.6 | Тұзды топырақ ауданының ұлғаю жылдамдығы, жылына % | 5-тен астам | 5-1 | 1-ден аз |
| 2.7 | Эрозияланған топырақ ауданының ұлғаю жылдамдығы, жылына ауданның %-ы | 5-тен астам | 5-0,5 | 0,5-тен аз |
| 2.8 | Көшпелі құмдар ауданының ұлғаю жылдамдығы, жылына ауданның %-ы | 4-тен астам | 4-0,5 | 0,5-тен аз |
| 2.9 | Қолайсыз агросуландыру жағдайлары бар жерлердің салыстырмалы ауданының ұлғаю жылдамдығы, жылына бағалы ауылшаруашылығы алқаптары ауданынан %-бен | 1-ден астам | 1-0,1 | 0,1-ден аз |
| **Қосымша көрсеткіштер:** | | | | |
| 1 | Экожүйелер жағдайының құрылымдық-функционалдық сипаттары | Экожүйелер ішіндегі өзара байланыс-тың қай-тарымсыз бұзылуы | Экожүйе-лердегі қайтарым-сыз процес-терсіз қоғамдас-тықтар құрылы-мының бұзылуы | Экожүйе-лердегі бірқатар құрамдас бөліктер жұтаңдану-ының жеке-леген белгілерінің болуы мүмкін |
| 2 | Трофикалық құрылым - меншікті салмақтың өзгеруі | Фитофаг-тардың меншікті салмағының 50%-ға өсуі, зоофагтар және сапрофаг-тар мен-шікті салмағының 50% азаюы | Фитофаг-тардың меншікті салмағының 20%-ға өсуі, зоофагтар және сапрофаг-тар мен-шікті салмағының 20% азаюы | Үнемі (норма шегіндегі тербелістер) |

Төтенше экологиялық жағдайды жариялау ережесіне 20-қосымша

**Аумақтың экологиялық жағдайының индикаторы ретінде өсімдіктердің жай-күйін бағалауға арналған көрсеткіштер**

| Р/с N | Көрсеткіш | Өлшем | | Салыстырма-лы қанағат-тандырарлық жағдай |
|---|---|---|---|---|
| | | эколо-гиялық зілзала | төтенше эколо-гиялық жағдай | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Биоәралуандылықтың кемуі (Симпсон әралуандылығы индексі, нормадан %-бен) | 50-ден астам | 50-10 | 10-нан аз |
| 2 | Жүктеме индикаторлары түрлерінің тығыздығы %-бен | 50-ден астам (аз) | 20-50-ден астам (аз) | 20-дан астам (аз) |
| 3 | Тамырлы (немесе квазитамырлы) қауымдастықтардың ауданы, жалпы ауданнан % | 5-тен астам | 5-80-нен аз | 80-нен астам |
| 4 | Табиғи шөпті өсімдіктердің түрлік құрамы | Екінші түрлер молшылығының азаюы | Басым түрлері екіншіге ауысты | Доминанттар, субдоминанттар және сипатты түрлердің табиғи ауысуы |
| 5 | Доминанттардың бағалы түрлерінің жастық спектрі, салыстырмалы бірлікте жаңаруы | 0,1-ден аз | 0,1-0,3 | 0,3-тен астам |
| 6 | Ормандылық, оңтайлылықтан (аймақтылықтан) %-бен | 10-нан аз | 10-90 | 90-нан аз |
| 7 | Негізгі орман түзуші тұқымдардың сүрек қоры, қалыптыдан %-бен | 30-дан аз | 30-80 | 80-нен астам |
| 8 | Сүректіңнің техногендік шығарындылармен зақымдануы, жалпы ауданнан %-бен | 50-ден астам | 50-5 | 5-тен аз |
| 9 | Қылқан жапырақты тұқымдардың техногендік шығарындылармен зақымдануы (қылқан жапырақтылардың зақымдануы), %-бен | 50-ден астам | 50-5 | 5-тен аз |
| 10 | Сүректіңнің ауруы, %-бен | 50-ден астам | 50-10 | 10-нан аз |
| 11 | Орман дақылдыларының жойылуы, орман дақылдарымен жұмыс істеу ауданынан %-бен | 70-тен астам | 70-5 | 5-тен аз |
| 12 | 10 жылдан кем емес уақыт ішінде ағаш өспеген өртең ауданы %-бен | 10 мың га-дан астам | 10-5 мың га | 5-тен аз |
| 13 | Зиянкестерден зақымданған егістер | 50-ден астам | 50-10 | 10-нан аз |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ауданы, жалпы ауданнан %-бен | | | |
| 14 | Егістердің жойылуы, жалпы ауданнан % -бен | 30-дан астам | 30-5 | 5-тен аз |
| 15 | Жайылымдық құрғақ далалы және шөлейт өсімдіктерін жобалық өсіру қалыптыдан %-бен | 10-нан астам | 10-80 | 80-нен аз |
| 16 | Жайылымдық өсімдіктер-дің өнімділігі, ықтималдылықтан %-бен | 5-тен аз | 5-80 | 80-нен астам |
| 17 | Сирек түрлердің таралу аймағының өзгеруі | Таралу аймағының жойылуы | Таралу аймағының аудандары-ның бөлінуі және қысқаруы | Жоқ |
| 18 | Қорықтар өсімдіктерінің зақымдануы | Қалыптасу ауысуларын туғызатын | Қауымдас-тық ауы-суларын туғызатын | Қауымдастық ауысуларын туғызбайтын фенотип-тіктер |
| 19 | Жасыл екпе ағаштар ауданы (ірі қалалар мен өндірістік орталықтардағы адам басына шаққанда), нормативтіктен %-бен | 1-ден аз | 10-30 | 30-дан астам |

Төтенше экологиялық жағдайды жариялау ережесіне 21-қосымша

**Аумақтық экологиялық жағдайының индикаторы ретінде фаунаның жай-күйін және жануарлардың тектік қорының өзгеруін бағалауға арналған көрсеткіштер**

| Р/с N | Көрсеткіш | Өлшем | | Салыстырма-лы қанағат-тандырарлық жағдай |
|---|---|---|---|---|
| | | эколо-гиялық зілзала | төтенше эколо-гиялық жағдай | |
| 1 | Биоәралуандылықтың азаюы, бастапқыдан %-бен | 50-ден астам | 50-5 | 5-тен аз |
| 2 | Антропогендік жүктеме индикаторы түрлерінің тығыздығы, %-бен | 50-ден астам | 50-20 | 20-дан аз |
| 3 | Жануарлардың (соның ішінде киіктердің ) | 10-нан астам | | 2-ден аз |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | аңшылық-кәсіптік санының ( тығыздығының) азаюы қалыпты санынан есемен | | 10-2 | |

Төтенше экологиялық жағдайды жариялау ережесіне 22-қосымша

## Аумақты бағалауға арналған биохимиялық көрсеткіштер

| Р/с N | Көрсеткіш | Өлшем | |
|---|---|---|---|
| | | эколо-гиялық зілзала | төтенше эколо-гиялық жағдай |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | **Негізгі көрсеткіштері:** | | |
| 1 | Топырақтағы C:N қатынасы | 4-тен аз | 4-8 |
| | су бетінде | 4-тен аз немесе 20-дан астам | 4-8-ден аз немесе 20-16 |
| | өсімдіктерде | 4 аз | 4-8 |
| | өсімдікті азықтарда | 4-тен аз немесе 16-дан астам | 4-тен аз немесе 8-16 |
| 2 | Шабылған өсімдіктер мен өсімдікті азықтардағы химиялық элементтердің мөлшері: сынап, кадмий, қорғасын, күшән, сурьма, никель, хром, МРД-дан артуы бойынша | 10-нан астам | 10-1,5 |
| | селен, үлпілдек-құрғақ заттың мг/кг; | 0,02-ге кем немесе 0,5-тен астам | 0,02 - 0,05 |
| | фтор, үлпілдек-құрғақ заттың мг/кг; | 2-ден кем немесе 200-ден астам | 2 - 10 немесе 50-200 |
| | мыс, үлпілдек-құрғақ заттың мг/кг; | 3-тен аз немесе 100-ден астам | 3-5 немесе 50-200 |
| | таллий, бериллий, барий, фонының артуы бойынша | 10-нан астам | 10-1,5 |
| | **Қосымша көрсеткіштер:** | | |
| 1 | Аномальды ландшафт ауданын ескергенде, азықтардағы | <0,1 *немесе* >10<br>___________<br>> 20 | 0.4-0.1 *немесе* *5 - 10* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | (алымы) Ca:P қатынасы, % (бөлімі) | | ____________<br>*>20* |
| 2 | Аномальды ландшафт ауданын ескергенде, өсімдіктер мен азықтардағы (алымы) Ca:Sr қатынасы, % (бөлімі) | < 1<br>_ _ _<br>>20 | < 1 0 - 1<br>_ _ _ _ _<br>>20 |
| 3 | Шабылған өсімдіктер мен өсімдікті азықтардағы биологиялық маңызды микроэлементтер мөлшерінің деңгейі, үлпілдек-құрғақ заттардың мг /кг-мен | | |
| | мырыш | 10-нан аз немесе 500-ден астам | 10-30 немесе 100-500 |
| | темір | 20-дан аз немесе 500-ден астам | 20-50 немесе 200-500 |
| | молибден | 0,2-ден аз 50-ден астам | 0,2-2 немесе 10-50-ден астам |
| | кобальт | 0,1-ден аз немесе 50-ден астам | 0,1-0,3 немесе 5-50 |
| | бор | 0,1-ден аз немесе 300-астам | 0,1-0,3 немесе 30-300 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК